«Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ 2025 жыл кезеңіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша

АНЫҚТАМА

Кіріспе бөлім: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрықтың деректемелері және оны өткізу мерзімі, уәкілетті тұлғаның, жұмыс тобы мүшелерінің ТАӘ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Мемлекеттік мекемелерде және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Саран қаласы әкімінің 2026 жылғы 22 шілдедегі №30ө өкіміне сәйкес және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес, «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2025 жыл кезеңіндегң сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобын құру туралы» «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысының 2026 жылғы 23 шілдедегі № 125 бұйрығы негізінде жүргізілді.

2025 жылғы 01 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы Мұқтар А.А.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жұмыс тобы келесі құрамда жүргізді:

Мұқтар Айдын Амангелдіұлы - Мекеме басшысы, жұмыс тобының төрағасы;

Амантаева Меруерт Жакеновна - тіршілікті қамтамасыз ету және жедел басқару секторының меңгерушісі, жұмыс тобы төрағасының орынбасары;

Муратов Али Марланович - Мекеменің тұрғын үй қатынастары секторының меңгерушісі; жұмыс тобының хатшысы.

Сипаттама бөлігі:

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырағыш лауазымдарды айқындау

- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;

- оны жою бойынша ұсыныстар.

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы:

Персоналды басқарумен байланысты анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны – 0 бірлік.

2025 жылы, есепті кезеңнің басында «Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары

бөлімі» ММ штат кестесіне сәйкес 7 бірлік, 2025 жылдың соңындағы ахуал бойынша штат кестесіне сәйкес 6 бірлік болды.

2025 жылы мемлекеттік әкімшілік қызметке 2 адам қабылданды, қызметтен босатылған мемлекеттік қызметшілер 1 адам (1 адам өз еркімен жұмыстан босатылды, 2 адам мемлекеттік әкімшілік қызметке қабылданды).

2025 жылдың соңындағы ахуал бойынша мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тізімдік құрамының жалпы саны 6 адамды құрады.

Теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болған жоқ.

Оқудан, біліктілікті арттырудан және қайта даярлаудан өту мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Саран қаласының әкімі бекіткен қайта оқыту жоспарларымен регламенттелген. Б корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне алғаш кірген мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау курстарынан 1 адам өтті.

Мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ, ұжым үйлесімді және тұрақты жұмыс істейді. Кадрлық іс жүргізу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76 - бабының талаптарын бұзуға, атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдерін бұзуға әкеп соққан, бағыныста және ведомстволық бағыныста ұйымдардың жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысын әлсіз бақылауда көрінген тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін бөлім қызметкерін тәртіптік жауапкершілікке тартудың 1 фактісі бар.

1.1. Мемлекеттік орган туралы ереже:

"Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 177-VII Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына, Саран қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 18 шілдедегі № 45/02, 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 84/01 қаулыларына сәйкес, мемлекеттік органның құрылымын қайта ұйымдастыруға және өзгертуге байланысты мекеменің Ережесіне тұрғын үй инспекциясы мен АҚ және ТЖ қатысты кейбір функцияларды беру туралы өзгерістер енгізілді.

- сыбайлас жемқорлық функцияларының шамамен тізімі:

1) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін бөлуді ұйымдастыру;

2) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;

3) Заңнамада көзделген шарттарда және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен коммуналдық тұрғын үй қорындағы тұрғын

үйлерді Қазақстан Республикасы азаматтарының меншігіне беруді жүзеге асыру;

4) қала жолдарын пайдалануды және күтіп ұстауды ұйымдастыру;

5) Қазақстан Республикасының Көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру;

6) Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ету;

7) қаланы абаттандыру және көгалдандыру;

8) қаланың санитариясын қамтамасыз ету.

- *сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізбесі:*

1.2 *"Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі" ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі*

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдер
Бөлім басшысы **E-R-1**	Бөлімді басқарады	Шешімдер қабылдау және ұйымдық-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру құқығының болуы
Бөлім басшысының орынбасары **E-R-2**	Бөлім басшысын ауыстырады	Бөлім басшысын алмастырған кезде шешімдер қабылдау және ұйымдастыру-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру құқығының болуы
Тұрғын үй қатынастары секторының меңгерушісі **E-R-3**	Тұрғын үй қатынастары саласында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмысты жүзеге асырады.	Көзделмеген құжаттарды талап етудің формальды негіздері бойынша, қарау мерзімдерін "кешіктіру", нәтижені беруден заңсыз бас тарту мүмкіндігі
	Тұрғын үй қатынастары саласында мемлекеттік қызмет көрсетеді.	Жалға алушылардың жалдау ақысын төлеу жөніндегі ақпаратты жасыру немесе бұрмалау мүмкіндігі, көзделмеген құжаттарды талап етудің формальды негіздері бойынша мүмкіндігі, қарау мерзімдерін "кешіктіру", нәтижені беруден заңсыз бас тарту
	Қалалық тұрғын үй	Көзделмеген құжаттарды талап

	комиссиясының қарауына материалдар дайындауға жәрдемдесуді, мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың кезектілігін есепке алуды жүзеге асырады.	етудің формальды негіздері бойынша, қарау мерзімдерін "кешіктіру", нәтижені беруден заңсыз бас тарту мүмкіндігі
Тіршілікті қамтамасыз ету және жедел басқару секторының меңгерушісі **E-R-3**	Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсты ұйымдастыруды және жариялауды жүзеге асырады. Коммуналдық салада (энергиямен жабдықтау, жолаушылар тасымалы, абаттандыру саласында) мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмысты жүзеге асырады	Конкурстық комиссияның шешімдеріне әсер ететін ақпаратты жасыру немесе бұрмалау мүмкіндігі Көзделмеген құжаттарды талап етудің формальды негіздері бойынша, қарау мерзімдерін "кешіктіру", нәтижені беруден заңсыз бас тарту мүмкіндігі
Тіршілікті қамтамасыз ету және жедел басқару секторының бас маманы **E-R-4**	Коммуналдық салада (энергиямен жабдықтау, жолаушылар тасымалы саласында) мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асырады, автожолдарды жөндеу және күтіп ұстау, жолаушылар тасымалы, жол жүрісін реттеу құралдарының жабдықтарын пайдалану бойынша мердігерлік ұйымдардың жұмысын бақылауды және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жұмысын бақылауды жүзеге асырады.	Көзделмеген құжаттарды талап етудің формальды негіздері бойынша, қарау мерзімдерін "кешіктіру", нәтижені беруден заңсыз бас тарту мүмкіндігі Мердігердің жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының және абаттандырудың сапасына әсер ететін бұзушылықты ресми негіздер бойынша жасыру мүмкіндігі.
Тіршілікті қамтамасыз ету және жедел басқару секторының бас маманы **E-R-4**	Коммуналдық салада (абаттандыру саласында) мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асырады, скверлерді күтіп ұстау және абаттандыру, қаланың санитариясы бойынша мердігерлік ұйымдардың жұмысына бақылауды жүзеге асырады.	Көзделмеген құжаттарды талап етудің формальды негіздері бойынша, қарау мерзімдерін "кешіктіру", нәтижені беруден заңсыз бас тарту мүмкіндігі

Бас маман - тұрғын үй қатынастары секторының заңгері **E-R-4**	Сот процестеріне қатысады, бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Жалдау ақысы бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу, мемлекеттік тұрғын үй қорынан өз бетінше тұрғын үй алған адамдарды тұрғын үйден мәжбүрлеп шығару жөнінде материалдар дайындауды жүзеге асырады. Иесіз жылжымайтын мүлік объектілерін анықтау бойынша жұмысты жүзеге асырады. Мемлекеттік сатып алу саласында жосықсыз жеткізушілермен жұмыс жүргізеді.	Бұзушылықты жасыру мүмкіндігі

1.3 Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына ішкі талдау жүргізу кезінде барлық лауазымдық нұсқаулықтар "Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 20 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 151 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту қағидаларының талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысын реттеу

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;

- оны жою бойынша ұсыныстар.

Мүдделер қақтығысын реттеумен байланысты анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны - 0 бірлік.

Мекеме қызметін мүдделер қақтығысының бар болуына талдау Мекемеде тікелей бағыныстағы туыстары мен жекжаттарының жұмыс істеу фактілері анықталмағанын көрсетті.

Мекеме қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мүдделер қақтығысы (қызметшінің жеке мүдделілігі мен оның лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы арасындағы қайшылық)

жағдайлары анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;
- оны жою бойынша ұсыныстар.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты НҚА анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны - 0 бірлік.

2025 жылдың кезеңінде 290 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде 129 қызмет "Shanyraq" электрондық базасы арқылы Kezekte.kz порталы арқылы көрсетілді, 133 мемлекеттік қызмет "e-qazyna.kz" базасы арқылы көрсетілді, 28 мемлекеттік қызмет https://arm.elicense.kz/ "E-лицензиялау" АЖ электрондық үкіметтің Web-порталы арқылы көрсетілді.

Жүктелген функцияларға сәйкес мемлекеттік орган мемлекеттік қызметтердің 8 түрін көрсетті:

1) "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы" 2025 жылғы 24 мамырға дейін, қызмет "Отбасы банк" АҚ берілді;

2) "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру";

3) "Жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу шарттарын тіркеуі"

4)"Ағаштарды кесуге рұқсат беру";

5) "Ауданаралық (облысішілік қалааралық), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастардағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобиль жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау";

6) "Жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік автомобильмен тасымалдау маршруттары мен қозғалыс кестесін бекіту";

7) "Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлік паспортын беру";

8) "Тұрғын үй сертификаттарын беру".

2025 жылдың кезеңінде "Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ 290 мемлекеттік қызмет көрсетті, оның ішінде:

1) "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы" азаматтардың 129 өтініші қаралды, бұл мемлекеттік қызмет "Shanyraq" электрондық базасы - "Тұрғын үйге кезекке қою ақпараттық сервисі" арқылы Kezekte.kz платформасында электрондық түрде көрсетілді, 15 жұмыс күні ішінде тегін негізде қаралды. 2025 жылғы 24 мамырдан бастап бұл қызмет "Отбасы банк"АҚ берілді;

2) "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі, азаматтардың 133 өтініші қаралды, бұл мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық нысанда "e-qazyna.kz" базасы арқылы, 30 күнтізбелік күн ішінде тегін негізде көрсетіледі .

3) "Жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй-құрылыс кооперативіне қатысу шарттарын тіркеуі" мемлекеттік көрсетілетін қызметі, 2025 жылғы кезеңде азаматтардың өтініштері келіп түскен жоқ, бұл мемлекеттік көрсетілетін қызмет www.egov.kz "электрондық үкімет" Веб-порталы арқылы, электрондық нысанда, тегін негізде 3 жұмыс күні ішінде көрсетіледі;

4) "Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызметі, 2025 жылдың өткен кезеңінде азаматтардың өтініштері келіп түскен жоқ, бұл мемлекеттік қызмет электрондық үкіметтің Web-порталы арқылы "Е-лицензиялау" АЖ арқылы, электрондық нысанда, 10 жұмыс күні ішінде тегін негізде көрсетіледі. www.egov.kz, https://arm.elicense.kz/:

5) "Тұрғын үй сертификаттарын беру" мемлекеттік қызметі, азаматтардың өтініштері 2025 жылдың өткен кезеңінде келіп түскен жоқ, бұл мемлекеттік қызмет электрондық үкіметтің Web-порталы арқылы "Е-лицензиялау" АЖ арқылы, электрондық нысанда, 15 жұмыс күні ішінде тегін негізде көрсетіледі. Аталған мемлекеттік қызметтің күші Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.05.2025 № 187 бұйрығымен жойылды.

6) "Ауданаралық (облысішілік қалааралық), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастардағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобиль жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі, азаматтардың 26 өтініші қаралды, www.egov.kz, https://arm.elicense.kz/ электрондық үкіметтің Web-порталы арқылы "Е-лицензиялау" АЖ, электрондық нысанда, 5 жұмыс күні ішінде тегін негізде көрсетіледі;

7) "Жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық (селолық), қала маңындағы және ауданішілік автомобильмен тасымалдау маршруттары мен қозғалыс кестесін бекіту" мемлекеттік көрсетілетін қызметі, 2025 жыл кезеңінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері келіп түскен жоқ, бұл мемлекеттік көрсетілетін қызмет www.egov.kz, https://arm.elicense.kz/ "Е-лицензиялау" АЖ "электрондық үкімет" Веб-порталы арқылы, электрондық нысанда, 4 жұмыс күні ішінде тегін негізде көрсетіледі;

8) "Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге әзірлік паспортын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі 2025 жыл кезеңінде жеке және заңды тұлғалардың 2 өтініші келіп түсті, бұл мемлекеттік көрсетілетін қызмет www.egov.kz, https://arm.elicense.kz/ "Е-лицензиялау" АЖ "электрондық үкімет" Веб-порталы арқылы, электрондық нысанда, 15 жұмыс күні ішінде тегін негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мәселесі бойынша хабарлайтыным, "Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,

жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы" мемлекеттік қызметін көрсету кезінде: "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңын, "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 тамызда № 24039 тіркелген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 13 тамыздағы № 441 бұйрығын басшылыққа алады;

"Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру" мемлекеттік қызметін көрсету кезінде бөлім қызметкерлері "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңын, "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру" Мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2021 жылғы 13 тамызда № 23983 тіркелген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 12 тамыздағы № 437 бұйрығын басшылыққа алады.

"Ағаштарды кесуге рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету кезінде бөлім қызметкерлері Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 31.03.2020 жылғы 31 наурыздағы № 173 бұйрығымен бекітілген Жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын басшылыққа алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Ережені басшылыққа ала отырып, мемлекеттік орган міндеттері мен функцияларын орындайды:

«12. Тапсырмалар:

1) Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары салаларындағы заңнамасының орындалуы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.»

«14. Функциялар:

1) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін бөлуді ұйымдастыру;

2) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;

3) заңнамада көзделген шарттарда және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді Қазақстан Республикасы азаматтарының меншігіне беруді жүзеге асыру;

4) қала жолдарын пайдалануды және күтіп ұстауды ұйымдастыру;

5) Қазақстан Республикасының Көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру;

6) Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ету;

7) қаланы абаттандыру және көгалдандыру;

8) қаланың санитариясын қамтамасыз ету;

9) Өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

2025 жылдың талданып отырған кезеңінде "Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты заңнамада белгіленген мерзімдерді бұзу фактілері мен шағымдарының саны 2 ("Ауданаралық (облысішілік қалааралық), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастардағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобиль жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу). Кінәлі лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Барлық мемлекеттік қызметтер электрондық түрде көрсетілді, бұл халыққа көрсетілген қызметтердің жалпы санының 100% құрайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты проблемалық мәселелер жоқ.

Жасырын мемлекеттік қызметтерді анықтау:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында "Мемлекеттік қызметтер туралы" ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет белгілері бар Бөлімнің функциясы анықталды - бұл мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алу шарттарын жасасу жөніндегі функция, оны бөлім жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде E-Otinish бірыңғай платформасы арқылы жүзеге асырады.

Ұсыныс: жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, жасырын мемлекеттік қызметтер бойынша мәселені зерделеп, нәтижелері бойынша тиісті ұсыныстар енгізу қажет.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;

- оны жою бойынша ұсыныстар.

"Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ рұқсат беру функциялары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету регламентіне сәйкес іске асырылады.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;

- оны жою бойынша ұсыныстар.

"Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ Ережесіне сәйкес бақылау-тексеру функциялары жоқ.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;
- оны жою бойынша ұсыныстар.

Қаржы-шаруашылық қызмет бағыты бойынша НҚА анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны - 0 бірлік

Мекеме өткізетін мемлекеттік сатып алуларға талдау жүргізілді.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда әзірленеді, бекітіледі және нақтыланады, өзгерістер есепті кезең ішінде енгізіледі.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;
- оны жою бойынша ұсыныстар.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік сатып алу саласындағы барлық жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталының платформасында жүзеге асырылады.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілермен уақтылы шарттар жасалады.

2025 жылдың кезеңінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 223 шарт жасалды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды өткізу тәсілдері бойынша:

- баға ұсыныстарын сұрату 62 шарт;
- тікелей жасасу арқылы бір көзден 38 шарт,
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден 18 шарт.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мемлекеттік сатып алу процесінде шешім қабылдау кезінде артықшылық беруге жол бермеу;

Ішкі талдау нәтижесінде бөлімде мемлекеттік сатып алуды жүргізуге жауапты адамдардың жақын туыстары, жұбайлары немесе жекжаттары болып табылатын әлеуетті өнім берушілердің өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысу фактілері анықталған жоқ.

НҚА тәуекел атауы: "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар өткізу бойынша жұмыс жасау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы: "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес біліктілік талаптарында дұрыс емес мәліметтер беру фактілерін болдырмау, мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындыларын өткізу бойынша әлеуетті қатысушылар мен өнім берушілердің мүдделерін лоббилеу мақсатында конкурсқа қатысушылардың өтінімдері бойынша бақылауды күшейту.

Сыбайлас жемқорлық факторлары: Жеткізушілер көбінесе кейіннен уәкілетті орган - Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит

департаментінің мониторингі мен тексерулері барысында анықталатын мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға арналған арнайы техникалар жалдаудың жалған шарттарын ұсынудың амалдарына жүгінеді.

Ұсыныс: "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына тиісті нормалар енгізу, атап айтқанда мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті қатысушылар мен өнім берушілердің жауапкершілігін күшейту.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;
- оны жою бойынша ұсыныстар.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу "Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ құзыретіне кірмейді.

Мемлекеттік органда келесі ақпараттық жүйелерді пайдалану жүргізіледі:

Egov.kz/ порталы, "Shanyraq" электрондық базасы арқылы Kezekte.kz платформасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталы, www.egov.kz "Электрондық үкімет" веб-порталы, https://arm.elicense.kz/ "Е-лицензиялау" АЖ, Е-өтініш азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі «Документолог» Қарағанды облысы әкімінің аппараты, /eqyzmet/e-Қызмет персоналды басқару жүйесі АЖ, Еңбек.кз/enbek.kz/ электрондық еңбек биржасы

Бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

9. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер

- НҚА, бизнес-процестегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы;
- оны жою бойынша ұсыныстар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес мекемеде қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық қызметінің профилактикасына, сондай-ақ бөлімнің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі.

Құзыретіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялар кіретін жауапты тұлғалар бекітілді.

Бөлімнің мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің білім деңгейін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру мақсатында бөлім қызметкерлеріне мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасын сақтау мәселелері бойынша құқықтық оқыту жүргізіледі.

Бөлім басшысының бұйрығымен Бөлімнің ресми сайтында орналастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекітілді.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын іске асыру мақсатында тұрақты негізде бизнесті қолдаудың қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларын, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін түсіндіру бойынша азаматтарды қабылдау ұйымдастырылды. Бөлім басшысының және басшы орынбасарының азаматтарды қабылдау кестесі жарияланды.

2025 жылдың талданатын кезеңінде "Instagram" мессенджері арқылы 4 тікелей эфир өткізілді. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Мемлекеттік қызметшілер тарапынан ықтимал құқық бұзушылықтардың алдын алу, олардың лауазымдық жағдайын жеке мақсаттарда немесе өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу үшін бөлімде азаматтардың сапалы мемлекеттік қызметтерді алуға кепілді тең қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданады. Ол үшін бөлімнің веб-сайтында, халыққа арналған әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, сондай-ақ шағымдану тәртібі туралы ақпарат орналастырылған, "Инстаграм" әлеуметтік желісінде тікелей эфирлер және қалалық газетте жарияланымдар шеңберінде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылған. Азаматтардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлық көріністерінің туындауына жағдай жасайтын фактор ретінде азаматтармен "Сенім 109" БҚ арқылы өтінішті пайдалану мен берудің артықшылықтары туралы түсіндіру жұмыстары, Е-өтініш азаматтарының барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы жүргізілуде.

"Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына шағымдар жоқ.

Мемлекеттік қызметшілер үшін мүдделер қақтығысы жағдайларының алдын алу үшін бөлімде, атап айтқанда, жақын туыстарының бірлескен жұмысына жол бермеу, мемлекеттік сатып алу процесінде шешім қабылдау кезінде, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде, қалалық тұрғын үй комиссиясының жұмысында артықшылық беру туралы түсіндіру іс-шаралары жүргізіледі.

Мекеменің барлық мемлекеттік қызметшілері мемлекеттік қызметті өткеруге байланысты шектеулер қабылдады. Бөлім қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлердің жеке табыс салығы және мүлік бойынша декларацияларды уақтылы тапсыруы қамтамасыз етілді.

Жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының бөлімге қатысты жағымсыз материалдарды, жарияланымдарды, сондай-ақ лауазымды тұлғаларды, Бөлім қызметкерлерін анықтау тұрғысынан шағымдарына мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Бұзушылық фактілері туралы хабарлау үшін бөлім қызметкерлерімен Сенім телефондары орнатылды. Сенім телефонының нөмірі Бөлімнің ресми интернет-ресурсында жарияланған. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпарат сенім телефонына түскен жоқ.

Жалпы, бөлімде талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Бөлім қызметінің ашықтығы мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі қызмет туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Бөлімнің ресми сайтында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл" жеке бөлімі жұмыс істейді.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналасқан бөлімнің интернет-ресурсында Бөлімге жүктелген функцияларға сәйкес Бөлімнің қызметі туралы ақпаратты үнемі толтыру және жаңарту жүзеге асырылады.

Талданған нормативтік құқықтық актілердің / ішкі құжаттардың тізбесі

1) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Азаматтық Кодексі
2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі
3) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңы
4) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі
5) Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ
6) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350–VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі
7) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы
8) "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы
9) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңы.

10) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ Заңы.
11) Саран қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 84/01 қаулысымен бекітілген "Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй қатынастары бөлімі" ММ Ережесі
12) "Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің лауазымдық нұсқаулықтары.

Жұмыс тобының төрағасы: _____ **А. Мұқтар**

Жұмыс тобы төрағасының орынбасары: _____ **М. Амантаева**

Жұмыс тобының хатшысы: _____ **А. Муратов**